

ӘӘЖ 88'373.422=512.122=411.2

Қолжазба құқығында

А 2009
1444

НУРБЕРДИЕВ МЫРАТБЕРДИ ГАРБЕРДИЕВИЧ

**Контрастивтердің тіларалық баламалылығы
(қазақ және араб тілдерінің негізінде)**

**10.02.20 – салыстырмалы-тарихи, типологиялық
және салғастырмалы тіл білімі**

**Филология ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның
авторефераты**

**Қазақстан Республикасы
Алматы, 2009**

М. Ж.

**Жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасында орындалды.**

Ғылыми жетекші:

филология ғылымдарының докторы,
профессор А.Қ. Жұмабекова

Ресми оппоненттер:

филология ғылымдарының докторы,
профессор К.Т. Рысалды

филология ғылымдарының кандидаты,
доцент А.Б. Донбаева

Жетекші үйым:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті

Диссертация 2009 жылы 18 мамырда сағат 16.00-де әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің филология ғылымдарының докторы ғылыми
дәрежесін беру жөніндегі Д 14A 01.22 диссертациялық кеңестің мәжілісінде
қоргалады (050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71, филология
факультеті, 312 дәрісхана).

Диссертациямен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
ғылыми кітапханасында танысуга болады.

Автореферат 2009 жылы 17 сәуірде таратылды.

Диссертациялық
кеңестің ғалым хатшысы

К.К. Ахмедьяров



KIPIСPE

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі әлемдік қауымдастық деңгейінде халықаралық байланыстарға жол ашты. Осы ретте араб елдерімен арадағы мемлекетаралық қарастырудың, өзара саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени байланыстардың дамуына мүмкіндік туып отыр. Қазіргі таңда араб тілі шығыс тілдері қатарында жоғары оку орындарында оқытылуда. Күнделікті қажеттіліктен туындаған ғылыми-әдістемелік еңбектердің, екітілді сөздіктердің тапшылығы қазақ және араб тілдерін салыстыра және салғастыра қарастыруды міндеттейді. Сондықтан қолға алынған диссертациялық жұмыс қазақ және араб тілдеріндегі контрастивтердің тіларалық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салғастырмалы түрғыдан талдауға арналған.

«Контраст» сөзінің негізгі тілдік мағынасы – «кереғар», «қарама-қарсылық» деген ұғымдарды білдіретіні, ал терминдік мағынасы – лексикалық, фонетикалық және грамматикалық бірліктердің қарама-қарсы ұғымда қолданылатыны белгілі.

Жұмыста контрастивтер термині негізгі ғылыми ұғым ретінде қолданылып, антонимдер және энантионимдер гипонимдеріне негіз болатын гипероним ретінде қолданылады.

Аталған терминнің арабша баламасында да *مُبَايِّنَةٌ تَضَادٌ* тадад, тәбәйүн, мубәйәна – контраст, қарама-қарсылық ұғымының орын алуды контрастивтер терминін осы мағынада қолдануға негіз болды.

Антонимдер тілдік құбылыс ретінде жалпы тіл білімінде, түркологияда, оның ішінде қазақ тіл білімінде бұрыннан зерттеу нысанына алғынып келді. Қазақ тіл білімінде антонимдер К. Аханов, Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиұлы, Ж. Мусин, М. Белбаева, М. Оразов т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Антонимдерді салғастырмалы бағытта зерттеген ғалымдар қатарында Ж. Қонақбаева, А. Жұмабекова сияқты ғалымдарды атауға болады. Қазақ тілінің энантионимдері Ж. Мусин, Ш. Сарыбаев, Б. Сағындықұлы, Х. Нұрмұханов, А. Жұсіпов сыңды ғалымдардың еңбектерінде ғана жалпы түсініктеме берілгені болмаса, нақты ғылыми зерттеу нысанына айналмаған. Араб тілінің антонимдері туралы А. әл-Жәнаби, А. әл-Абиди секілді ғалымдардың еңбектерінде, ал салғастырмалы бағытта С. Әбу Хадыр еңбегінде сөз болған. Араб тілінің энантионимдері Ибн әл-Анбари, Әбу эт-Тайиб әл-Лұғаий, әс-Сағаний, М. Әліясин, М. әл-Мұнажжид сияқты ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады. Алайда, қазақ және араб тілдерінің антонимдері мен энантионимдері осы уақытқа дейін салғастырмалы түрғыдан арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Диссертациялық жұмыс типологиялық түрғыдан өзіндік айырмашылықтарға ие қазақ және араб тілдерінің семантикалық қарама-қарсылық мәселесін кеңінен қарастыруға арналған.

Энантиосемияны антонимия және полисемия секілді тілдік құбылыстардан ажырату мәселесінің түпкілікті шешілмеуі, сонымен қатар лингвистикалық

әдебиеттердегі терминологиялық сәйкесіздіктер зерттеу жұмысының өзектілігін танытады.

Зерттеу жұмысында *контрастивтер* секілді гипероним терминін қолдану гетерогендік тілдердің лексикалық жүйелеріндегі антонимиялық және энантиосемиялық байланыстардың жалпы және өзіндік белгілерін айқындау мақсатынан туындалды. Осындай бағытта алғаш рет жүргізілген салғастырмалы зерттеу бір тіл деректерін талдауда байқалмайтын микрожүйелердің күрылымдық-семантикалық ерекшелігін айқындауга мүмкіндік береді.

Контрастивтер мәселесі ерте кездерден-ақ лингвистика ғылымының зерттеу нысанына айналып келген күрделі де, қайшылықты феномен болып табылады. Алайда, контрастивтердің бір бөлігі болып табылатын энантиосемияның тілдік табиғаты жайлы мәселе осы күнге дейін өз шешімін таптай, терминология да бірізді жүйеге түспей отыр. Бүгінгі күнге дейін энантиосемияның тек жекелеген сипаттары өзге мәселелер (антонимия, полисемия, омонимия) төңірегінде сез етіліп келді. Лексикалық бірліктердің тілдік жүйе мен сөздік қолданыстағы энантиосемиясын жан-жақты зерттеу қажеттілігі осы еңбектің өзектілігін одан әрі айқындаі түседі.

Қазақ және араб тілдеріндегі антонимдік және энантионимдік бірліктер жұмыстың зерттеу пәні болып табылады.

Зерттеудің нысанына қазақ және араб тілдеріндегі контрастивтердің лексика-семантикалық ерекшеліктері жатады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қазақ және араб тілдеріндегі контрастивтердің үқсас және айырым белгілерін анықтау, олардың тілдік табиғатын айқындау. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттерді жүзеге асыру көзделді:

- қазақ және араб тілдеріндегі семантикалық қарама-қайшылықты сан қырынан жеткізетін және араб тіл біліміндегі қарама-қарсы бірліктерді атау дәстүрін жалғастыра алатын «контрастивтер» терминінің антонимдер мен энантионимдерге негізгі гипероним ретінде қолданылуын дәлелдеу;

- контрастивті мағыналарды білдіретін лексикалық бірліктердің жиынтығын, қазақ және араб тілдеріндегі контрастивтердің зерттелу деңгейін, негізгі бағыттарды анықтау;

- оппозиция әдісі арқылы қазақ және араб тілдеріндегі антонимдерге талдау жасау, соның нәтижесінде екі тілдегі оппозиция түрлерінің ара салмағын айқындау;

- қазақ және араб тілдеріндегі энантионимдік бірліктердің негізгі лексика-грамматикалық, лексика-семантикалық ерекшеліктері мен үқастықтарын ашып көрсету.

Зерттеу жұмысында қазақ және араб тілдеріндегі контрастивтерді салғастыра талдау мәселесінің көтерілуі, сондай-ақ, ауқымды тілдік деректерге кешенді зерттеу жүргізу – оның ғылыми жаңалығын айқындаиды. Зерттеу барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

- қазақ және араб тіл білімдеріндегі контрастивтер мәселесі туралы ғылыми пікірлерге шолу жасалып, негізгі ғылыми бағыттар айқындалды;

- салғастырылатын тілдердегі қарама-қарсы семантикаға ие бірліктердің ортақ және айырым белгілері анықталды;
- қазақ және араб тілдеріндегі антонимиялық оппозицияларға кешенді талдау жасалып, оппозицияның әр типіне тән айырмашылықтар ажыратылды;
- салғастырылып отырған тілдердегі энантионимдердің негізгі түрлері көрсетілді.

Зерттеу материалдары ретінде лексикографиялық еңбектерден қазақ тіліндегі – 1150, араб тіліндегі – 1200 антонимдік жүргіттар және қазақ тіліндегі – 200, араб тіліндегі – 500 энантионим алынды; барлығы – 3050 контрастив талданды.

Корғауға ұсынылатын тұжырымдар. Қазақ және араб тілдеріндегі контрастивтерді салғастыра зерттеу нәтижесінде тәмендегідей тұжырымдар жасалынды:

- антонимия және энантиосемия негізінде осы тілдік құбылыстарды адам санасының объективті әлемдегі ерекшеліктерін тілде бейнелей алатын универсалды қасиеттері ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін контраст бойынша ассоциация жатыр. Бұл өз кезегінде кез келген тілдегі семантикалық қарама-қайшылықты сан қырынан жеткізетін және араб тіл біліміндегі қарама-қарсы бірліктерді атау дәстүрін жалғастыра алатын *контрастивтер* терминін гипероним термині ретінде қолдануға мүмкіндік береді.
- әлеуметтік дифференциация тұрғысынан энантионимдер жалпы тілдік және диалектілік болып бөлінеді. Салғастырмалы талдау нәтижесінде айқындалған ерекшеліктердің негізінен араб тіліне тән екендігі байқалды. Бұл қазақ тіліне қарағанда араб тіліндегі диалектілік бөліністің күрделілігімен түсіндіріледі.
- жалпы логикалық-тілдік негізге ие оппозиция әдісінің көмегімен антонимдерді жүйелеу мына зандаудың айқындал берді: екі тілде де градуалды антонимдер басымдыққа ие (қазақ тілінде – 795, араб тілінде – 785), привативті антонимдер жиілігі жағынан тәмен деңгейді көрсетеді (қазақ тілінде – 310, араб тілінде – 345), ал эквиполентті антонимдер екі тілде де ең өнімсіз катарды құрайды (қазақ тілінде – 45, араб тілінде – 70).
- адам ойлауының дуализмі мен тілдік таңбаның асимметриялығы кез келген тілдегі энантиосемияны тудыратын механизмдер болып табылады. Салғастырылған тілдердегі құрылымдық-морфологиялық талдау есім, етістік, қосымшалы және үстеу энантионимдерді (азаю деңгейі бойынша) жүйелеуге мүмкіндік береді. Энантионимдер мәтінде мәнерлілік куралы болып табылады; қарама-қарсы қойылатын семалардың кем дегенде біреуі барлық уақытта коннотативті. Салғастырылатын тілдер материалдарын лингвостилистикалық тұрғыдан талдау өнімді эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер мен өнімсіз номинативті энантионимдерді айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде біртілді және екітілді лексикографиялық басылымдар, қазақ және араб тілдеріндегі түрлі жанрда жазылған еңбектер, көркем әдебиет үлгілері пайдаланылды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (I-X томдары. Жалпы ред. басқ. А.Ы. Ысқаков. Алматы,

1974-1986), Қазақ тілінің сөздігі (Жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. Алматы, 1999), Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі (І. Кенесбаев. Алматы, 1977), Қазақ әдеби тілінің сөздігі (I-III томдары. Жалпы ред. басқ. А.Ы. Ысқақов, Н. Уәли. – Алматы, 2006), Қазақ тілінің аймақтық сөздігі (Жауапты редактор Ш.Ш. Сарыбаев. – Алматы, 2005), Қазақ тілінің антонимдер сөздігі (Ж. Мусин. Алматы, 1984), Қазақ тілінің антонимдер сөздігі (А.Қ. Жұмабекова. Алматы, 2000), Арабша-қазақша сөздік (А. Дәдебаев, Ж. Қайранбаев. Алматы, 1990), Арабша-қазақша түсіндірме сөздік (Н.Д. Оңдасынов. Алматы, 1984), Арабско-русский словарь 1-2 т (Х.К. Барапов. Ташкент, 1994), Русско-арабский словарь, (В.М. Борисов. М., 1981), Русско-арабский учебный словарь, (Г.Ш. Шарбатов. М., 1981), Құран Қәрім. Қазақша мағына және түсінігі (аударған Х. Алтай القرآن الكريم، قاموس للمحيط . للفیروز نبادی. الجزء 1 و 2. بيروت، 1997)، لسان مەدینە، 1991). العرب. (لابن منظور. دار صادر. بيروت. الطبعة الرابعة، 2005)، المجمع الوسيط. (مجمع اللغة العربية. مكتبة الشروق الدولية. القاهرة. الطبعة الرابعة، 2004)، المنجد في اللغة العربية المعاصرة. (دار المشرق. بيروت: طبعة ثانية، 2001)، كتاب الأضداد. (الحسن بن محمد الصاغلي تحقيق ودراسة : محمد عبد القادر لحمد. القاهرة، 1989)، قاموس الأضداد الكبير. (عائدة ذكر منجي. بيروت، 2005)، قاموس الأضداد (راجي الأسم. بيروت، 2003).

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Қазақ және араб тілдеріндегі контрастивтерді салғастыру барысында жасалған негізгі тұжырымдар мен қорытындылар жалпы және типологиялық тіл білімі, лексикология, лексикография салаларын теориялық тұрғыдан жетілдіруге, семасиология мен стилистиканың дамуына белгілі бір деңгейде үлес қосады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Диссертация материалдарын, теориялық қорытындылары мен нәтижелерін жоғары окуорындарында жалпы және салғастырмалы лексикология, семасиология, лексикография, стилистика пәндерінен дәрістер окуда, сондай-ак, антонимия, энантиосемия мәселелеріне қатысты арнайы курстар мен семинарлар жүргізуде, біртілді және екітілді сөздіктер курастыруда пайдаланыла алды.

Зерттеу жұмысының әдіснамасы тілді материалды объективті, динамикалы, функционалды және дамушы жүйе ретінде танытатын жалпыфилософиялық ұстанымдарға негізделеді. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасын семантикалық қарама-қарсылық мәселелерін қарастырған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері қурайды.

Зерттеу жұмысында қолданылған әдістер. Зерттеу барысында салғастыра талдау, компонентті талдау, оппозиция әдістері, жаппай іріктеу және санау тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен нәтижелері «Тіл әлемі. Мир языка. The world of Language» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Алматы, 2005), «Әлемдік рухани құндылықтар және қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» атты ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2007), «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2007), «Исламтану және араб филологиясы мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық

конференцияда (Алматы, 2007), «Тіл және жаңандану: бүгіні мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2008) баяндама жасалды. Диссертацияның негізгі түйіндері Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен Республикалық ғылыми басылымдар мен ғылыми жинақтарда З мақала жарияланды. Зерттеудің негізгі мәселелері мен теориялық тұжырымдары әртүрлі басылымдағы 8 жарияланымда көрініс тапты. Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің теориялық және қолданбалы тіл білімі, араб тілі кафедраларының мәжілістерінде талқыланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Диссертациялық жұмыстың кіріспе бөлімінде тақырыпты зерттеудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, нысаны, пәні, зерттеу әдіс-тәсілдері, ғылыми жаңалықтары, теориялық және практикалық маңызы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануының барысы анықталды.

Диссертацияның «Контрастивтерді зерттеудің лингвистикадағы теориялық негіздері» атты бірінші бөлімінде зерттеуге негіз болатын теориялық білімді айқындал алу мақсатында қазақ және араб тілдерінде контрастивтердің тілдік құбылыс ретінде қалыптасу тарихы, ерекшеліктері мен негізгі ұғымдарына талдау жасалып, «контрастивтер» terminінің дефинициясы анықталды.

Жұмыстың бірінші бөлімінің «Қазақ тіл білімінде антонимия құбылысының зерттелуі» атты бөлімшесінде антонимия мәселесінің зерттелу тарихына қатысты тілдік зерттеулерге шолу жасалды.

Қазақ тіл білімінде антонимдер жайындағы алғашқы пікірлер 1950 жылдары жариялана бастады. Осы жылдары антонимия төңірегінде К. Аханов, Ә. Болғанбаев т.б. ғалымдар алғашқылардың қатарында өз пікірлерін білдірді. Аталған мәселе бойынша жан-жақты зерттеу жүргізіп, алғашқы диссертациялық еңбек жазған, қазақ тілінің антонимдер сөздігін жасаған ғалым Ж. Мусин болды. Осыған дейін антонимия ерекше тілдік құбылыс ретінде арнайы зерттеу нысанына айналмаған болатын. Ғалым бұл зерттеуінің нәтижесінде қазақ тіліндегі антонимдерді зерттеу барысындағы ізденістерге зор үлес қосты. Еңбекте антонимдердің анықтамасы жайлы әр алуан пікірлерді ғылыми түрғыдан талдай келе, қазақ тіліндегі антонимдердің негізгі ерекшеліктерін анықтаған береді: «Біртектес сапалық ұғымдарды білдіретін, қарама-қарсылықты мәні жағынан өзара тепе-тен, тілде үнемі бір-біріне қарсы мағынада қолданылып қалыптасқан сөздерді антонимдер дейміз» [1, 52].

Антонимия құбылысын салғастырмалы бағытта зерттеген ғалымдар қатарында Ж.К. Конакбаевының еңбегін атауга болады. Автор өз зерттеуінде ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі антонимдік фраза тіркестерді

типологиялық тұрғыдан қаастырып, аталған бірлік тұлғалардың тіларалық идиомалық қатысын анықтау бағытында жүргізген.

Орыс тілі мен қазақ тіліндегі антонимдік оппозицияларға салғастырмалы зерттеу жасаған А.Қ. Жұмабековың еңбегінде антонимия құбылысының теориялық қағидаларын салыстырмалы-типологиялық аспектіде кеңінен қаастырылып, жан-жақты тұжырымдалған. Мұнда антонимия мәселесі универсалды тілдік құбылыс ретінде философия, логика, психология салаларының мәліметтерімен салыстырыла, кешенді түрде қаастырылған. Фалым Н.С. Трубецкойдың оппозиция әдісіне сүйене отырып, алғаш рет қазақ тіліндегі антонимдерді градуалды, привативті және эквиполентті антонимдік оппозицияларға ажыратып зерттеп, оларды жаңа бағытта қаастыратын антонимдер сөздігін жасап шығарды [2].

А.Е. Жұсіповтың еңбегінде қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары жан-жақты зерттелген [3]. Онда қарама-қарсылықтың синонимия, полисемиямен байланысқа тусуі, ішкі қарама-қарсылықтың жасалу жолы мен түрлері, қарама-қарсылыққа негізделген айшықтардың стилистикалық түрі кеңінен талданған.

Аталған зерттеулерде қазақ тіл біліміндегі қарама-қарсылық мәселесіндегі теориялық ұстанымдар мен зерттеу жолдары көрсетілген. Атап айтартылған жайт, антонимияға қатысты жалпы мәселелермен қатар жекелеген мәселелер, оның ішінде антонимдік қатарлар, олардың түрлері, айырым және ортақ белгілер жүйесі айқындалған. Алайда, аталған еңбектерде қазақ тіл білімінде антонимдер мен энантионимдер бір-бірінен ажыратылып, басқа лексика-семантикалық категориялар тәрізді дербес қаастырылмаған.

Бірінші білімнің «Араб тіл білімінде антонимия құбылысының зерттелуі» атты білімшесінде араб тіл біліміндегі антонимия мәселесінің тілдік құбылыс ретіндегі негізгі ұғымдары саралып, антонимдер және энантионимдерге қатысты қос мағынада қолданылып жүрген «әл-аддад» терминіне байланысты лингвистикалық зерттеулерге шолу жасалып, аталған термин жан-жақты талданды. Осы уақытқа дейін араб тіл біліміндегі *الضد* «әл-аддад» термині аясында антонимия және энантиосемия құбылыстары араластырылып зерттелгендейten, араб тіл біліміндегі энантиосемияның анықтамасы да осы білімшеде қаастырылады.

Х.К. Барановтың арабша-орысша сөздігінде *әд-дыдду* сөзінің (*әл-аддад* сөзінің жекеше түрі) бірнеше мағынасы көрсетіліп, «противоположность, контраст – қарама-қарсылық, кері болу, слово, имеющее два противоположных значения» делінген (РАС, 445). Мұнда автордың *әд-дыдду* сөзіне берген соңғы мағынасы қазіргі тіл білімінде энантиосемия деп аталатын тілдік құбылыстың анықтамасына сәйкес келеді.

В.М. Борисовтың орысша-арабша сөздігінде *антоним* – *әд-дыдду/әл-аддад* деп берілген (РАС, 26). Алайда, бұл сөздің басқа мағынасы көрсетілмеген. Осы сөздіктерде араб әдеби тіліндегі *әд-дыдду* сөзінің екі түрлі мағынасы көрсетілген. Бірінде *әд-дыдду* сөзі *антоним* деп көрсетілсе, екіншісінде *энантионим* анықтамасы берілген. Бұдан араб лексикасындағы *الضد* *әд-дыдду*

сөзінің ұғымының кең екені байқалады. Аталған құбылыстар өзара қарама-қарсылық қатынасқа ие. Осыған орай араб тіліндегі *اَضْدَاد* – қарама-қарсылық деген мағынаны білдіруі, оның қазақша баламасын *كونتراستивтер* деп атап, антонимдер мен энантионимдерді аталған термин аясында қарастыруға мүмкіндік береді.

Контрастивтер мәселесіне қатысты М.Ф. Хижази: «әл-аддад – бір ғана сөздің екі қарама-қарсы мағынасының болуы», – деп көрсетеді [4, 56]. Ғалымның пікірінше, араб тілінде *الْقَابِلُ الْأَعْلَى اَضْدَاد* әл-аддад термині тек энантионимдерді атауда қолданылғаны, ал *انْتُنِيمْ* *الْقَابِلُ الْأَعْلَى اَضْدَاد* әт-тәқабул әд-дәләли деп аталғаны дұрыс деп түсіндіреді. Ғалымның бұл пікірі қазіргі заманғы араб тілшілерінің кейбірінің ұстанымдарымен сәйкес келеді. Біз өз тараптымыздан осы көзқарасты дұрыс деп санаймыз.

Сонымен аталған мәселе бойынша пікір алалығын байқауға болады. Алайда, антонимдер мен энантионимдер логика-семантикалық түрғыдан ажыратыла қарастыруға тиісті мәселелер екеніне көз жеткіздік. Олардың басын біріктіретін ортақ қасиет – қарама-қарсылық ұғымын білдіруі болып табылады.

Антонимдер мен энантионимдердің өздеріне тән айырмама және ортақ белгілерін анықтап, дефинициясын көрсету, олардың қазақша-арабша дұрыс баламасын табу қажеттілігін ескере отырып, аталған терминдердің қазақша-арабша баламасы төмендегідей көрсетілді:

كونتراستивтер *الْمُتَضَادُّاتُ لِوَالْقَابِلَاتُ* термині – антонимдер мен энантионимдерді логикалық түрғыдан қамти алатын негізгі гипероним, ал антонимдер мен энантионимдер соның шенберіндегі гипонимдер болып табылады.

антонимдер *الْمُتَضَادُّاتُ لِوَالْقَابِلَاتُ الْأَعْلَى* – мағыналары жағынан бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Мысалы, қазақ тілінде: *ақ-қара*, *келу-кету* т.б. араб тілінде: *زوجة-زوج* (ер-әйел), *لخت-أعطى* (берді-алды) т.б.

энантионимдер *اَضْدَاد* – түрпattyқ жағынан бірдей формамен берілетін, мазмұндық жағынан құрылымындағы ішкі қарама-қарсылыққа негізделген өзара оппозициялық мағыналарға ие сөздер. Мысалы, қазақ тіліндегі *көрім* сөзі *сүйкімді*, *жасы*, *тамаша* дегенді білдірсе, бірде *жаман*, *нашар*, *жексүрын* деген мағыналарда жұмсалады. Араб тілінде *الْجَوْنُ اَلْ-جَسْعُونُ* сөзі *ақ* және *қара*, *الْمَوْلَى اَلْ-مَاعُلَا* сөзі *мырза*, *қожайын*, *патша* және *құл*, *қызметкер* деген мағыналарды білдіре алады.

Бірінші бөлімнің «Энантиосемия құбылысының зерттелу тарихы» атты бөлімшесінде энантиосемия мәселесінің зерттелу тарихы, тілде энантионимдердің пайда болу себептері қарастырылды, сонымен қатар, жалпы тіл біліміндегі зерттеу бағыттарына да шолу жасалды.

Жалпы және орыс тіл білімінде энантиосемия құбылысы XIX ғасырда, қазақ тіл білімінде XX ғасырдың соңғы жартысында антонимия мәселесіне арналған кейбір зерттеулерде ғана сөз болды. Алғашқы еңбектердің қатарында В. Шерцльдің «Қайшылықты мағыналы сөздер туралы» зерттеуін атауға болады.

Энантиосемия құбылысын зерттеу араб тілінде IX ғасырдың екінші жартысында қолға алына бастады. Энантиосемиялық мағыналы сөздердің араб тілінде сөз болуы алғаш Әбу Амыр ибн Ала, әл-Халил ибн Ахмад және Юсуф ибн Хабиб, Әбу Амыр әш-Шәйбани, әл-Кәсани т.б. ғалымдардың кезеңінен басталған [5, 30].

Энантиосемияның тілдік табиғатын толық танымау – терминологияда жүйесіздікті тудырды: «энантиосемия» (В.И. Шерцль), «қарама-қайшы мағына» (К. Абель), «полисемияның өзгеше бір түрі» (Р. Будагов), «полисемияның ерекше бір түрі» және «антонимдік омонимия» (Ю. Скиба), «омоантонимия» (Л.А. Новиков, В.В. Виноградов), «лексема ішіндегі антонимия» (О.М. Соколов), «омоантоним» (Л.А. Введенская), «сөз ішіндегі поляризация» (Е.Х. Жаркова), «сөздің ішкі антонимиясы, антонимдердің өнімсіз түрі, сөздердің қарама-қарсы мағыналарын білдіретін қабілеті. Антифразиспен барабар, яғни сөздің қарама-қарсы мағынада қолданылуы» (Тіл білімі сөздігі. Жалпы ред. баск. Э.Д. Сүлейменова), «формасы бойынша–омоним, ал мағынасы жағынан – антоним» (Ш.Ш. Сарыбаев), «ішкі қарама-қарсылық» (А.Е. Жұсіпов) т.б.

Бұдан энантиосемия бірде омонимия шеңберінде, бірде антонимияға қатысты зерттеліп жүргені байқалады.

Сондай-ақ, В.Н. Прохорова, Е.Н. Миллер, Ш.Ш. Сарыбаев, Х. Нұрмұханов сынды ғалымдар бұл құбылысты «омонимия мен антонимияның тоғысусы», яғни, тепе-тәң материалды қабығы бар өтпелі құбылыс ретінде қарастырады. Я.И. Гельбу, В.И. Шерцль, К. Абель, Л.А. Новиков, Л.А. Булаховский, И. Пете, Р. Будагов, А.А. Реформатский, М. Белбаева, Ж. Мусин т.б. энантиосемияны антонимияның бір түрі ретінде қарайды.

Антонимия – түрпаттық жағынан әртүрлі болып келетін, мағынасы жағынан өзара қарама-қарсы семаға ие полярлы бірліктер жүйесі. Осыған байланысты энантиосемия – антонимияның бір түрі емес, ішкі қарама-қарсылыққа негізделген семантикалық айрықша категория ретінде қарастыруға лайық феномен деген қорыттынды жасауға болады.

Зерттеу жұмысының «Энантиосемияның лингвофилософиялық негіздері мен экспрессивтілігі» атты бөлімшесінде аталған құбылыстың тілдік құбылыс ретіндегі философиялық негіздері сөз етілді.

Энантиосемия – қарама-қайшылық, терістеу және т.б. сабактас фактілер категориясын түсіндірудегі философиялық таныммен ұштасқан күрделі де, көп қырлы ерекше құбылыс. Энантиосемияның қарама-қайшылыққа құрылған табиғатын түсіндіретін мәселелер аясын кең көлемде зерттеп алмай, оны қарастыру мүмкін емес.

Философиялық тұрғыдан алғанда, қарама-қайшылық құбылысын зерттеу «қарама-қайшылық дамуының бір сатысын көрсететін категория» [6, 371]. Тілші Е.Н. Миллер қарама-қайшылық дегеніміз – «бір мәннің шегіне жете дамығандағы өзгерісі» – деп тұжырымдайды [7, 12].

Энантиосемиялық бірліктер мәтін құрылымында экспрессивті-эмоционалды және бағалауыштық сипаттағы қосымша коннотацияларды бере

алады. Сондықтан олар ақпараттық қана емес, сондай-ак, субъективті-модалды ренктері мағыналарды да білдіреді.

Энантиосемия құбылысы терістеу, модалдылық, мәнерлілік, эмоционалдылық сияқты категориялармен тығыз байланысты. Олар коммуникацияда сөйлеушінің объективті шындыққа қатынасын білдірудің тиімді күралы ретінде қызмет етеді.

Тұрпаты жағынан бірдей, мазмұны қарама-қайшы болып келетін энантиосемиялық бірліктердің астарлы мағынасы қашан да экспрессиялы ренкке ие болып келеді. Демек, энантиосемия сұхбаттасуға ықпал етуші маңызды құрал бола отырып, тілдік бірліктердің прагматикалық әлеуетінің артуына септігін тигізеді.

Жұмыстың «**Энантиосемия құбылысының тілдік феномен ретінде қалыптасуы**» атты білімшесінде энантиосемияның араб тіл білімінде лингвистикалық құбылыс ретінде қарастырылуы туралы әртүрлі көзқарастарға да шолу жасалды.

Энантиосемия құбылысының тілдік феномен ретінде қалыптасуы жайлы араб ғалымдары арасында бірнеше көзқарас қалыптасқан. Оларды тарихи тұрғыдан жүйелеп қарастырсақ, төмендегідей кезеңдерге бөліп топтастыруға болады:

1) *Энантиосемия жайлы идеяның пайда болу кезеңі.* Бұл кезеңде алғашқы ғалымдар аталған құбылыстың араб тілінде бар екенін өз еңбектерінде сөз етіп, оған араб өлеңдерінен кейбір деректер келтірумен шектелген. Бұған мысал ретінде әл-Халил ибн Ахмадтің «әл-Айн» түсіндірме сөздігін айтуда болады. Ғалым бұл сөздігінде *الشعب* әши-шабж және *الذئب* ән-нәәшид сөздерінің қарама-қарсы мағыналарының бар екенін көрсетіп, оларды энантионим деп атамаса да, қарама-қарсы мағыналарын дәлелдеген. Бұл кезеңді энантиосемия жайлы жалпы идеяның, ойдың пайда болу кезеңі деп айтуда болады.

2) *Энантиосемия гылыми зерттеулердің нысанына айналған кезең.* Құтруб, әл-Асмағий, әс-Сижистаний, Ибн әс-Сиккит, әт-Тузи, Әбу Ғубайда т.с.с. бұл құбылыстың араб тілінде бар екенін көрсетіп, арнайы зерттеу нысаны ретінде бірнеше зерттеулер жасаған. Осылайша, араб тілінде энантиосемия құбылысының зерттелуі осы кезеңнен бастау алды деуге болады.

3) *Араб тілінде энантиосемияны жоққа шыгару кезеңі.*

Энантиосемияға арналған жоғарыда аталған еңбектер жарық көргеннен кейін бірқатар араб тілінің қарсылас ұлтшылдары бұл құбылыстың араб тілінде кездесуін тілдің кемшілігі ретінде түсінген. Араб тілінде мұндай кемшілік болуы мүмкін емес деп, бұл құбылыска үзілді-кесілді қарсы болған Ибн Дуруставей араб тілінде энантиосемиялық мағыналы сөздердің болуын жоққа шығарып, «**Энантионимдердің жоққа шыгарылуы**» атты еңбегін жазған. Ғалымның бұл еңбегі ертеректе жоғалып кеткен. Ол туралы басқа зерттеулеріндегі сөздеріне сүйене отырып, аталмыш еңбегінің болғанын анғаруға болады. Автор бұл еңбегінде бұрынғы зерттеулерде көрсетілген энантиосемиялық мағыналы сөздердің түбіріне, негізгі мағынасына тоқтала отырып, әрбір сөздің этимологиясын, мағыналық қабаттарының қалыптасу

себептерін зерттеу нәтижесінде бұл құбылысты жоққа шығарады. Алайда, зерттеуші бұл құбылыстың араб тілінде кейбір себептерге байланысты аз көлемде орын алғатынын езі де мойындайды. Бұл ойды ұстанған ертедегі ғалымдар қатарына Сағлабты, әл-Қалиді, Ибн Дұрайдті және әл-Жәуаликіді де жатқызуға болады.

4) Араб тілінде энантиосемия құбылысының болуын жақтауышы кезең.

Бұл кезеңнің зерттеушілері аталған құбылыстың араб тілінде болуын мойындау арқылы оның тілдік табиғатын, қалыптасу жолдарын, пайда болу себептерін талдай отырып, тілдік жүйеде кездесетінін дәлелдеген. Айтальқ, Ахмад ибн Фарис, Ибн Сида және Ибн әл-Анбари т.б. ғалымдар. Ибн Сида энантиосемияны арнайы зерттемеген болса да, оны жақтауда логикалық жүйеге сүйенген. Ахмад ибн Фарис аталған құбылысты жақтап, *الاضداد* («Энантионимдер») атты еңбек жазған. Ибн әл-Анбари дің *كتاب الاضداد* («Энантионимдер кітабы») атты еңбегі араб тіліндегі энантиосемиялық бірліктерді ең толық қамтыған еңбек болып табылады [8].

Казіргі кезеңде энантиосемия құбылысы төңірегіндегі пікірталас әлі жалғасып келеді. А. Бәдәуи, М. әд-Думәнки т.б. оны тілдік құбылыс ретінде қарастырмайды.

Энантиосемия құбылысы жайлы ерекше көзқарас танытқан қазіргі заман ғалымдарының бірі М. Фэйми болып табылады. Ғалым энантиосемия жайлы орташа көзқарасты ұстанады. Ол энантионимдердің барлығын жақтамаса да, оларды түгелдей жоққа да шығармайды.

А.А. Уафи, М.Х. Әліясин, И. Әнис секілді зерттеушілер араб тіліндегі энантионимдердің көлемі аз деген көзқарасты ұстанады.

Т.М. Шәйин араб тілінде энантионим сөздердің саны өте көп деп санайды, оның пікірінше, араб тілдік мұралар мен түсіндірме сөздіктеріндегі барлық энантионимдік бірліктер жинақталса, санының бұдан да артатынын айтады [9, 213]. Осы зерттеуде де бұл көзқарас дұрыс деп саналады.

Жұмыстың «*Қазақ және араб тілдеріндегі контрастивтерді топтастыру*» атты екінші бөлімінде салғастырылатын тілдердің контрастивтері тілдік құрылымы, жұмсалым өрісі тұрғысынан сөз етілді.

Бұл бөлімнің «*Қазақ және араб тілдеріндегі узуалды антонимдер*» деп аталатын бірінші бөлімшесі екі тілдегі антонимдерге арналып, олар градуалды, привативті және эквиполентті антонимдерге ажыратылып топтастырылды. Бұл жүйелеудің негізі универсалды болғандықтан, казақ және араб тілдеріне ортақ. «*Градуалды антонимдер* *المُتَرَجِّح للضَّاد (الشَّابِل)* белгілі бір қасиеттің, сапаның ең соңғы шегіне дейінгі дәрежесін білдіреді. Олардың арасында аралық мағыналарды білдіретін бір немесе бірнеше компонент болуы мүмкін. Бұл аралық мүше қасиет-сапаның өлшемдік шкаласының дәл ортасында орналасып, сапа белгісінің қарама-қарсы полюстерінің аралығындағы қалыпты жағдайды білдіреді» [2, 16]. – (بارد - فاتر - ماخن - حار) (мұздай - сұық - салқын - жылы - ыстық). Мысалы, *Үйдің жылы-сұығын қыс түскенде білесің,*

أَغَيْيَنْنَاهُ أَلْيَسْ-جَاقِيْنَاهُ إِنْ تُعْكِنْدَهُ بِلْرَسِيْنَ (Ескісі жоқтың жаңасы болмас).

Талданған материалдар нәтижесі қазақ және араб тілдерінде градуалды антонимдердің өнімділігін көрсетті. Бұл түрге жататын антонимдердің екі тілдегі сандық көрсеткіштерінің арасалмағы бірдей (795 – қазақ тілінде, 785 – араб тілінде) және олар салғастырылатын тілдердегі антонимдердің негізгі бөлігін құрайды. Мысалы, *улкен-кіші*, *ыстық-сұық*, *алыс-жасын*, *жасысы-жаман*, *азаю-көбею*, *арзан-қымбат*, *бай-кедей* т.б. (ұзын-қысқа), *الطويل-القصير* (жасы-жаман), *العَذْبُ-الْأَجَاج* (ашы-тұпты), *سَهْلٌ-صَعْبٌ* (женілдеу-ауырлау), *السَّمِيكُ-الرَّفِيقُ* (қалың-жұқа) және т.б.

«*Привативtی антонимдер* *النَّضَادُ الْحَلَدُ* градуалды антонимдердің компоненттері сияқты бірін-бірі жоққа шыгаратын нышандарға ие, бірақ олардың арасында аралық элемент болуы мүмкін емес. Привативті антонимдердің элементтері білдіретін сипаттық екі ұғымның көлемі бірдей болып немесе біріге келіп, осы тектік ұғымның бүкіл көлемін қамтиды; бұл қатарға әр түбірлі (*бойдақ-үйленген*, *әйел-ерек*, *өз-өзге*, *әлi-tiri*, *الصَّانِمُ-الظَّاطِرُ* (аузы берік-аузы ашық), *الصَّانِمُ-النَّاطِقُ* (ундемейтін-сөйлейтін), *الصَّحِيحُ-الخَطَا* (дұрыс-қате) және түбірлес (абыройлы-абыройсыз, мәлім-беймәлім, сабырлы-сабырсыз, *حَيْ لَيْسَ حِيَا* (жанды-жансыз), *مَعْرُوفٌ-غَيْرُ مَعْرُوفٍ* (белгілі-белгісіз) лексемалар енеді» [2, 16]. Мысалы, *Орысқа қарамай тұрганда қазақтың олісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды...*(Абай).

(منْ جَهْلٍ فَدْرٌ نَفْسِهِ لَمْ يَعْرُفْ فَدْرٌ غَيْرُهُ) (Өз қадірін білмеген, өзгені де сыйламас).

Антонимдерді топтастыруда қарама-қарсы мағыналы аффикстері бар сөздерді привативті антонимдердің қатарына қосуға бола ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Алайда, тілдік жүйе мұндай кезқарасқа сыймауы ықтимал. Мәселен, *білімді-білімсіз*, *әлді-әлсіз* жүргізумен теріс мағынадағы аффикстің болуы оларды привативті антонимдер түріне жатқызуға мүмкіндік бермейді, себебі, осы сөздермен белгіленіп отырған ұғымдардың арасында аралық мүше бар: *білімді* - білімі шамалы - *білімсіз*, *әлді* - әлі аз - *әлсіз*, *القوى - غير قوي - الضَّعيفُ* - *المُعْلَمُ - لَيْسَ عَالَمًا* - *الْجَاهِلُ*.

Аталған жүргітар арасында мүше болуы мүмкін емес антонимдерден сапалық сипат та ерекшеленеді: *жүйелі-жүйесіз*, *қауіпті-қауінсіз*, *مؤَنِّبٌ-غَيْرِ مؤَنِّبٍ* (әдепті-әдепсіз), *معلوماتٌ-غَيْرِ مَعْلُومٍ* (таныс-бейтанаис).

Зерттеу жұмысында қазақ және араб тілдеріндегі привативті антонимдер ауқымды тілдік деректер арқылы талданды. Олар жиілігі жағынан градуалдылардан кейінгі орында тұрады (310 – қазақ тілінде, 345 – араб тілінде), араб тіліндегі привативтер негізінен осы тілдің құрылымдық-типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болып келеді. Қазақ тілінің префиксалды привативтері арасында араб тілінен енген сөздер басым бөлігін құрайды. *(رسمى-غير رسمي)* т.б.

«*Эквивалентtі антонимдердің* *النَّضَادُ لِعَكْسِي* арасында қолданыстық машық арқылы қалыптасқан ассоциативті қарама-қарсылық орын алады. Мұндай қарама-қарсы қоюшылық тілді қолданушының санасында қос компонент сияқты орын алады» [2, 16]. Мысалы, *Алтау ала болса, ауыздағы кетеді*, *Төртеу түгел болса, төбедегі келеді*. *(Kím қажеті жоқ нарсені сатып алса, керекті затын сатады)*.

Эквиполентті антонимдер құрамына іс-әрекеттің, белгілі бір күйдің қарама-қарсылығын білдіретін лексемалар: *тұсу-міну*, *көтерілу-құлау*, *сату-сатып алу*, *النوم-الاستيقاظ* (жазу-өшіру), *الفرح-الحزن* (қуану-ренжу), *علم-تعلم* (үйіктай-ояну), лексикалық конверсивтер: *женде-женделу*, *уйрену-уйрету*, *الأب-الأم* (оку-окыту), *رئيس-مرؤوس* (басқарушы-басқарылушы), *هازم-مهزوم* (женген-женілген), жыныстық, туыстық нышандары: *ұл-қыз*, *ата-ана*, *النهار-الليل* (әке-шеше), *الابن-البن* (ер бала-қыз бала), тәулік уақыты: *таңертең-кешке*, *السيد-العبد* (күндіз-түн), әлеуметтік қатынастары: *патша-азамат* (қожайын-құл) т.б. бойынша компоненттері қарама-қарсы қойылған, бір-бірінен мағыналық жағынан өзара байламды жүргіттар енеді. Эквиполентті антонимдер жиілік тұрғысынан алғанда ең өнімсіз қатарды құрайды (45 – қазақ тілінде, 70 – араб тілінде).

Жұмыстың «Қазақ және араб тілдеріндегі контекстуалды антонимдер» деп аталатын екінші бөлімшесі қазақ және араб тілдеріндегі аз қарастырылған аспекттілердің бірі – контекстуалды антонимдерге арналды.

Тілдік құрылымда антоним болмайтын сөздер мәтінде қарама-қарсы қойылып, стилистикалық антонимдер деп танылады. Қазақ тіл білімінде контекстуалды антонимдердің маңызы туралы мәселе және мұндай антонимдер А.К. Жұмабековың енбегіне дейін жүйеленбекен. Араб тіл білімінде контекстуалды антонимдер С.Ж. Әбу Хадыр және Ф.А. әл-Каръан сияқты ғалымдардың енбектерінде қарастырылған.

Контекстуалды антонимдер әр алуан тілдік және тілден тыс себептерге байланысты контексте бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Мұндай антонимдер сөйлеу барысында контекстуалды мағынаға ие бола отырып, бір рет қана қолданылады. Олардың өзара қарама-қарсылығын жасайтын құрылымдардың және формальды құралдары міндетті түрде болуы қажет. Осыған байланысты олар контекстен тыс екінші рет қолданылмайды: Мысалы, *Үй иесі мейірлі отыrsa, қонақ көнілді отырады*. Өзге елде *سۇلتان بولغانشا، өз еліңде ұлтан бол*. *إذا كان صنيري ضيقاً فماداً ينقضي وسْعَ الْفَلَام*. (Өз *کөкірегім тар болса، әлемнің кеңдігінен не пайда*). (Бул дуние мұсылман ушін түрме, кәпір ушін жұмак).

Сондай-ак, зерттеу жұмысының «Қазақ және араб тілдеріндегі энантионимдерге лексика-семантикалық талдау» атты бөлімшесінде екі тілдегі энантионимдерге лексика-семантикалық талдау жасалды.

Қазақ және араб тілдеріндегі энантионимдер таралуына қарай жалпы тілдік және диалектілік, ал функционалдық ерекшеліктеріне қарай номинативтік және эмоционалды-багалауыштық энантионимдер деп бөліп топтастырылады.

Қазақ әдеби тілінде энантионимдердің көлемі басым болғанымен, диалектілік энантионимдердің де өзіндік орны бар екенін айта керек, біз жинақтаған диалектілік энантионимдердің сандық көрсеткіші 60-қа жуық.

Мәселен, *әжептәуір* сөзі диалектілерге *тәп-тәуір*, *жап-жасы*, *кәдімгідей* және *нашар*, *келіссіз*, *жагымсыз* деген энантиосемиялық мағыналарда жүмсалады. Өзі ауданда істейді екен. *Әжептәуір* қызметкер дейді. *Демалыс*

алып, осындағы нағашысының үйіне қонаққа келіпті (Т. Ахтанов, «Дала сыры»). Оның әйелі әжептәуір кісі екен, жекіп тастады (КТАС, 97).

Сондай-ақ, қазақ тіліндегі диалектілік энантионимдерден «қыз бала» және «ер бала, жігіт» мағыналарында жұмсалатын балдыз сөзі, «ұнамсыз, жағымсыз» және «ожақсы, тамаша» деген мағыналарды аңғартатын ерсі сөзі, «әйел» және «ер адамдар, бір топ адамдар» деген мағынада жұмсалатын жамағат сөзі (КТАС, 131), бас және адам денесінің бастан басқа бөлігі деген мағыналардағы келде сөзі (КТАС, 311), сондай-ақ, көке, тәте т.б. сөздерді атауға болады.

Араб тіліндегі энантионимдердің көлемі басым болуының негізгі себептерінің бірі – араб диалектілерінің көптігімен түсіндіріледі. Араб тіліндегі диалектілік энантионимдердің сандық көрсеткіші 200-ге жуық сөзді құрайды, олар жұмыста деректік материалдар негізінде кеңінек талданды. Мысалы, *سامد-ذاما* сөзінің *اللاه* көңіл көтеруші, ойын-сауық құруши, ойнаушы және *حزن* қайғылы деген энантиосемиялық мағыналары диалектілер арқылы қалыптасқан. Айталық, Йемен диалектісінде *سامد-ذاما* *الله* көңіл көтеруші, ойын-сауық жасаушы, құруши деген мағына білдірсе, Тайи диалектісінде *حزن* қайғылы деген мағына береді. Мұндай энантионимдер қатарын (түннің) келуі және кетуі деген энантиосемиялық мағынадағы *اس'اسا-سوس*, өгей қыз және өгей шеше секілді қарама-қарсы мағыналы *рабибатун-ئىشى*, шөлдеген және қанған, *تىغان* мағыналарды аңғартатын *эн-наңил-ناھل*, қараңғы және жарық, деген мағыналы *اس-судфа-ئىلى* сияқты т.б. сөздер мен толықтыруға болады.

Энантионимдерді жіктеудегі маңызды критерийлерінің бірі – олардың мағыналық ерекшелігін есепке алу болып табылады. Бұл критерийге сәйкес номинативтік және эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер болып бөлінеді.

Номинативтік энантионимдер контрапарлы, комплементарлы қарама-қарсылықты, сонымен қатар іс-әрекеттің, белгінің және қасиеттің қарама-қарсылық бағытын білдіреді. Мағынаның контрапарлы қарама-қарсылықты білдіретін лексикалық бірлігі өнімдірек топ болып табылады. Номинативтік энантионимдер сөз мағынасының дамуы нәтижесінде пайда болады да, ол көбінесе етістіктерге тән болады.

Номинативтік энантионимдердің семантикалық компоненттерін А.Е. Жұсіпов төмендегіше ажыратып көрсетеді: 1) пайда болу-жогалу; 2) қосылу-бөліну; 3) тазалау, сырлау, әрлеу-бұлдіру, былғау; 4) әкелу-әкету; 5) айыру-қосу; 6) бір орында болу-ол орыннан ал-ж үзап кету [3, 20].

Қазақ және араб тілдеріндегі номинативтік энантионимдерден мыналарды атап етуге болады:

Айталық, бояу етістігі «заттың түсін келтіру, жаңа өң беру» және «бүркемелеу, қолегейлеу, жасыру» деген мағыналарды береді (КТТС 2-ші том). *Күйдірген кірпіштің бірін қызылга, бірін жасылга, бірін сарыға бояп салдырган екі қатарлы үй тұр* (С. Шәріпов). *Расы жоқ сөзінің, Ырысы жоқ өзінің, Өнкей жалған мақтаммен, Шынның бетін бояйды* (Абай).

Езгі сөзі де «бодандық, құлдық» және «бостандық, еркіндік» деген энантиосемиялық мағыналарға ие. *Бір қуанарлық жай: езгі тіршілік ескі*

жүртүнан ала-жұда қол үзіп, жаңа тұрмысқа біржола қоныс аударып жатқандар аз емес (Ө. Қанахин). Үа, достым, ақындықтың қиял құсы, Жаныма жақынырақ келіп қоншы. Көп көрген, көп жасаған шежіре едің, Ежелден еркін ойдың езгі досы! (К. Аманжолов).

Ал араб тілінде ал-жәләл-الجلل сөзінің қарама-қарсы мағынасы төмендегі деректерден анық байқалады. (أَنْ شَيْءٌ مَا خَلَّ الْمُوْتُ جَلْل) (Өлімнен басқа барлық зат жеңіл), (إِنْ عَوْنَتْ لَا عَوْنَنْ جَلْل) (Егер кешірімділік жасасам, тек улken нарсені кешірем). Бұл мысалдардың алғашқысында ал-жәләл-الجلл сөзі «жеңіл, оңай, кішкентай» деген мағыналарда қолданылса, екіншісінде «улken, қын, ауыр» деген мағыналарды береді.

Сондай-ақ, رغبـاـ رغـبـاـ сөзі «қалау» және «қаламау» деген энантиосемиялық мағыналарда жүмсалады. (وَرَغْبَوْنَ أَنْ شَكْحُونْ) (ККА, 4/127). Мұндағы разиба-رغـبـاـ сөзі «қалайсындар» және «қаламайсындар» деген екі мағынада түсіндіріледі. Осы тәрізді энантионимдерге «апару» және «әкелу, келтіру» деген мағыналардағы сарафа-صرف етістігі, «келу» және «кету» деген мағыналарды білдіретін талаза-طلع сөзі, күдіктену және күдіксіз, анық сену деген қарама-қарсы мағыналарда қатар кездесетін занна-ڻـ етістігі т.б. жатады.

Қолданыста эмоционалды-бағалауыштық энантионимдердің бағалауыштық не эмоционалдық компоненттері өзара қарама-қарсы қойылады. Сөздерді қалыптан не стандарттан тыс қолданудың нәтижесінде мағынаның эмоционалдық-бағалауыштық реңдерінің мәні артады.

Қазақ тіліндегі әдемі сөзінің келесі деректерде эмоционалды-бағалау нәтижесінде қарама-қарсы мағыналарда қолданылғаны байқалады. Көрші бөлмеге келген әдемі қыз туралы әңгіме таусылар емес (ЕК). Айбаланың әдемі мінезі Аскарды шошытты (С.М.).

Сондай-ақ, философ сөзі де «данышпан, білгір, ақылгөй, данагөй, ойшыл» және «акылсыз, білімсіз» деген энантиосемиялық мағыналарда қолданылады. Өз заманында философ болған Шәкәрімді қазір де солай атап ләзім! (А.С.). Ол да соңғы кезде ойна келгенде сейлеп, философ болып жүр (А.М.). Бұл мысалдардың алғашқысында философ сөзі «данышпан, білгір, ойшыл» деген мағыналарында қолданылса, екіншісінде сынау мәнінде «білімсіз, дүмше» деген мағыналарда жүмсалған.

Ақылды сөзінің энантионимдер қатарына жатқызылуы да эмоционалдық баға беру жолымен түсіндіріледі. Сагат сана-сезімі, ой-өрісі кең, ақылды жігіттердің санатына жататын (А.Х.). Әй, ақылдым, өрекпіме демеп пе ем, көк шуылдақ! Қысқарт енді! (М.Ә.) Бұл сөйлемдерде ақылды сөзі «акылды» және «акымак» деген қарама-қарсы мағыналарда келтірілген.

Қазақ тіліндегі жаман деген сөздің энантиосемиялық мағынасы бар. Жаман болса жолдасың астынан өткен сыйбен тең (Ақтамберді) Мұнда жаман сөзі тұра мағынасында қолданылса, келесі деректе энантиосемиялық мағынасын көре аламыз:

Менде де бар бір жаман, не қылайын қазақтың жүйрігі мен жорғасын («Айман-Шолпан» жырынан).

Жоғарыдағы деректерден байқалатыны эмоционалдық-бағалауыштық энантионимдер контекст мүмкіндігіне байланысты туындаиды. Осындай ерекшеліктеріне қарай оларды А.Е. Жұсіпов: «Кейбір эмоционалды-бағалауыштық сөздерді ирониялық түрғыда қолдану нәтижесінде пайда болғандар (*ақылды, философ, ғұлама, қызық, гений*), кейбір дөрекі, түрпайы (ұрсу, жеку) сөздердің жағымды мағынада жүмсалуы нәтижесінде туындаған сөздер (*ит, ақымақ, пәтшагар, азғын, жайрагыр, жүгірмек, оңбаган, жетпегір, сайтан, бар болғыр*), алғашқы мағына түсінігінің «жылжуына» орай, бағалауыштық компоненттің өзгеруінен туған сөздер (*жұмсақ, долы, сақ*)», – деп үшке бөліп қарастырады [3, 20].

Эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер араб тілінде де өте көп кездеседі. *Сарийм-صریم* сөзі *الليل صریم* «күн» және *النهار کوندیز* «күндеңіз» дегенді білдіреді. بکرت صریم سؤزی «لَيْلٌ صَرِيمٌ» «күндеңіз» дегенді білдіреді. *Сарийм-صریم* сөзі *الليل صریم* «كُنْدِيزْ فَلَقَ عَذَّتْ وَلَمْتَ غَيْرَ مَلِيمَ бұл деректе *صاریم-صریم* сөзі *الليل صَرِيمٌ* «күн» деген мағынада қолданылса, *فَبَاتْ يَقُولُ لِصِبَحِ لَيْلٍ حَتَّى تَجَلَّ عَنْ صَرِيمَهُ لِظَّلَامٍ* дегенде *صاریم-صریم* сөзі *«ожарық, күндіз»* деген мағынада қолданылған.

Бәшишәра- بشَرَ сөзінің негізгі мағынасы «сүйіншілеу, куанышты хабарды жеткізу» дегенді білдіреді. Ал мәтін ішінде өзге мағынаға ие болуы мүмкін: (فَبَشَرُهُمْ بِعَذَابٍ أَلِيمٍ) «...соларды күйзелтуші азапten сүйіншіле» (ҚҚА, 3/21). Бұл аяттағы «сүйіншіле» сөзі энантиосемиялық мағынада қолданылған. Себебі, тек жақсы, жағымды хабарға байланысты сүйінші сұрауға болады, ал жамандық немесе сұық хабарға байланысты сүйіншіленбейді.

Мәсуба- متَوْبَةً сөзі «жақсылық, сауап» және энантиосемиялық мағынада «ожаза» деп қолданылады. (فَلَمْ يَأْتِكُمْ بِشَرٌ مِّنْ ذَلِكَ مَثُوبَةً عِنْدَ اللَّهِ) «(Оларға) айт: “Сендерге Алланың қасында жаза тұрғысынан будан да жаманын хабарлайын ба?”...» (ҚҚА, 5/60). Осы аятта «сауап» мағынасындағы «متَوْبَةً» сөзі энантиосемиялық мағынада «ожаза» ретінде қолданылып тұр.

Екінші бөлімнің «Қазақ және араб тілдеріндегі энантионимдерге құрылымдық-морфологиялық талдау» атты бөлімшесінде салғастырмалы тілдердегі энантионимдерді құрылымдық-морфологиялық түрғыдан атау энантионимдер, етістік энантионимдер, қосымшалы энантионимдер және үстене энантионимдерге бөліп топтастырып, төмендегідей талдау жасалды.

Мысалы, қазақ тіліндегі *батыр* сөзі өзара қарама-қарсы «батыр» және «қорқаю» мағыналарында жүмсалады. *Бір батырга мың қорқақ шақ келмейді* (Макал). Келтірілген деректе *батыр* сөзі «батыр» деген тұра мағынасында қолданылса, келесі өлең жолдарынан аталған сөздің энантиосемиялық мағынада жүмсалғаны анық байқалады. *Мұндай ма едің ана күн,*

Мұның қалаі, батыр-ау?! (Абай).

Шебер сөзі кейде мыскылдау арқылы өзіне қарама-қарсы «олақ» деген мағынада қолданылып, энантиосемиялық мағына құрайды. *Толыбай агашиқа да, темірге де елден асқан шебер* (Ә. Әбішев). Шеменсіген жамандар, *Шеберсініп булдірер* (Ж. Базарбеков). Бұл мысалдардың біріншісінде *шебер* сөзі «өз ісін жақсы менгерген, қолынан неше түрлі іс келетін» деген мағынада жүмсалған. Ал екінші сөйлемде «шебер емес, олақ» деген мағынада қолданылған.

Құнсыз сөзінің де «қымбат» және «арзан» деген энантиосемиялық мағыналарда жұмсалуы төмендегі деректерден байқалады. *Ананың сәбі* үшін түн ұйқысын төрт бөлгөн қызметі әр мұсылман баласына құнсыз еңбек екені айдан анық (Ж. Базарбеков). Әке-шешесі үшін құрбандықта атап, Дамеш сияқты қыздар құнсыз бәске сатылып жатыр. Эй, аштық-ай, эй, аштық, қылдың-ау! (М.Ә.). Аталған деректердің біріншісінде құнсыз сөзі «бага жетпес» деген мағынада жұмсалған. Ал екіншісінде «арзан» деген мағынада қолданылған.

Сондай-ақ, жұмыста «аю» және «қара» мағынада жұмсалатын *аппак* сөзі, «ақылды» және «ақымақ» мағыналарда жұмсалатын *ақылды* сөздері мен қатар *сайтан, керемет, әдемі* секілді т.б. атау энантионимдер жан-жақты талданды.

Араб тілінде де атау энантионимдер көлемі жағынан басқаларына қарағанда көп болып келеді. Бұған біз жинаған деректер дәлел бола алады. (250 сөз). Әл-уммән-ع السُّلْطَانِ ү сөзінің араб тілінде «үммет, көпшілік, жамағат» және «жеке адам» деген энантиосемиялық мағыналары бар. Аталған сөздің араб тіліндегі негізгі мағынасы «адамдардың бір тобы» дегенді білдіреді. Қазақ тіліне аударғанда «үммет» деген мағына береді. Сөздің қарама-қарсы мағынасы, үлгі етуге жарайтын, топты басқара алатын адамды әл-уммәن-ع السُّلْطَانِ деп атаған. Бұл екі мағына да Құран Кәрімде кездеседі, (كَانَ النَّاسُ أَمْمَةً وَاحِدَةً) «Адам баласы бір-ақ үммет еді» (ҚҚА, 2/213). Бұл аятта әл-уммәن-ع السُّلْطَانِ сөзі бірінші мағынасында қолданылса, келесі аятта (إِنَّ إِبْرَاهِيمَ كَانَ عَلَيْهَا وَلَمْ يَكُنْ مِنَ الْمُشْرِكِينَ) «Шынында ыбырайым нағыз Аллага бойынушы, хаққа бейім бір басшы еді. Аллага серік қосуышылардан емес еді» (ҚҚА, 16/120).

Бітана- بِطَانَةٍ бұл атаудың энантиосемиялық мағынада қолданылуын әл-Фарра өз еңбегінде келтіреді: «Араб тілінде *бітана-* ظهارة мен зінара-- بِطَانَةٍ жасырын мен көрінген, анық бір-бірінің орнына келеді» [5, 105].

Жинн- جِنْ бұл атаудың «ожын» және «періште» деген мағыналары бар. Ибн әл-Анбари өз еңбегінде *жинн-* جِنْ жын деп адамдардың көзіне көрінбей жасырынатыны үшін аталған, яғни, жын сөзі араб тілінде жасырынды деген мағына береді дейді. Бұл атау Құран Кәрімде бірнеше рет келген, солардан мысалға мына аяттарды келтіруге болады. (وَجَعَلُوا بَيْتَهُ وَبَيْنَ الْجِنَّةِ نَسْبًا وَلَقَدْ عَلِمَتِ الْجِنَّةُ إِنَّهُمْ لَسْخَرُونَ). «Олар Алла мен періштелер арасында үрпақтық байланыс ұйгарды. Расында періштелер; олардың Алланың алдында келтірілетінін біледі. (Немесе Алла мен жын арасында жегжаттық ұйгарды)» (ҚҚА, 37/158). Осы аятта келген *жинн-* جِنْ сөзіне назар аударсак, аудармасының өзінен-ақ бұл сөздің энантиосемиялық мағынасының бар екені көрінеді.

Сондай-ақ, жұмыста араб тіліндегі атау энантионимдерден *المَلَائِكَةُ تُولَى* толы және *النَّارُ غَلَبَ* бос деген мағыналарды аңғартатын *әл-мәсжур-* الصَّحِيحُ السُّجُورُ сөзіне, *сau* және *اللَّيْغُ* науқас деген мағыналарды білдіретін *әс-сәлийм-* السَّلِيمُ сөзіне және т.б. энантионимдер жан-жақты талданды.

Жұмыстың осы белімінде қазақ және араб тілдеріндегі етістік энантионимдер де талданды. Екі тілдегі етістік энантионимдердің жалпы саны 200 сөзден асып түседі.

Тарады сөзі қазақ тілінде түрлі сөздердің семантикасымен байланысып, энантиосемиялық мағынада жұмсалады. *Алмас келін тусірді деген хабар ауылга тез тарады*. Бұл сөйлемде *тарады* сөзі «етек алды, жайылды» деген мағынаны берсе, ендігі сөйлемде энантиосемиялық мағынада «жойылды, жоғалды, басылды, сейілді, айықты» деген мағыналарда қолданылған. *Жаңбыр тоқтап, күн шыққаннан кейін бұлтар тез тарады*.

Сондай-ак, баю етістігі де «көбею, дүние-мұлкі молаю, дәuletі арту» және «азаю, біту, түгесілу, таусылу» деген қарама-қарсы мағыналарда қатар жұмсалады (КӘТС, 2-608). *Кәріп пенен Әбжекең, қойлары өсіп байыпты. Қотандары қомақты, Қойын бөлек базыпты* (С. Сейфуллин). Бұл сөйлемде аталған етістік бірінші мағынасында қолданылған. Аталған етістіктің энантиосемиялық мағынада жұмсалуы келесі мысалдан көрінеді. *Қымыз байып қалған еді* (КӘТС, 2-608).

Өгейлеу етістігі «өгейсу, жатырқау» және «сағыну» деген мағыналарды береді. *Балам Ордадан келіп еді, шешесін өгейлен қалыпты* (КТАС, 544). Мұнда аталған етістік бірінші мағынасында пайдаланылса, мына бір сөйлемде «сағынды» деген мағынада қолданылып энантиосемиялық мағынаға жегілген: *Айрылысқан елдің сағыныши оңайга салқындасын ба? Ана баланы, аға ініні, қызы төркінін, жігіт қайнын өгейледі* (КТАС, 544).

Жұмыста «жату» және «тұру» мағыналарын аңғартатын жату етістігі (КТАС, 246), «алып келу, алыш беру» және «жіберу, жолдау» мағыналарда жұмсалатын *келтіру* етістігі (КТАС, 313), «тапсыру, беру» және «шыгару, алу» мағыналардағы *қую* (КТАС, 446) етістіктері сияқты т.б. етістік энантионимдер жан-жақты талданды.

Араб тілінде әләә-Ù етістігінің ↗ «тырысу, еңбектену, талпыну» және «істемеу, хақысын бермеу», яғни, «толық атқармау» деген энантиосемиялық мағыналары бар. Араб тілінің «әл-Уасит» түсіндірме сөздігінде لجنه دیگر سےzi «тырысу» және «немкүрайлы болу, салғырттық таныту» сондай-ак, «дұрыс істемеу, ақырын істеу» деген мағыналарында көрсетілген. Аталған етістіктің сөздіктеңі мағыналарына қарасақ, энантиосемиялық мағынасы айын көрінеді. Мәселен, «тырысу, жақсы орындауга атсалысу» деген мағынасы мен «немкүрайлы болу, салғырттық таныту», сонымен қатар «дұрыс істемеу, шала істеу» деген мағыналар арасында өзара қарама-қарсылық байқалады (АТС, 25).

Бәәъа-بَاع етістігі қарама-қарсы «сату» және «сатып алу» мағыналарын білдіреді. بَلَّا وَلَمْ تُضْرِبْ لَهُ وَقْتَ مَوْعِدٍ وَيَكُونُ بِالْأَخْبَارِ مَنْ لَمْ شُعِّلْ لَهُ فِي عَزٍّ لِيَنْتَ لِلَّا يَأْتِي لَا حَالَ بِيَتَّا

Әсәбе-لَثَاب- етістігі «саяап беру» және «ожаза беру» ұғымдарын қамтиды. (فَأَتَاهُمُ اللَّهُ بِمَا قَالُوا جَنَاحَاتٌ نَّحْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا وَذَلِكَ جَزَاءُ الْمُخْسِنِينَ). «Сонда Алла оларға бұл сөздері себепті астарынан өзендер ағатын, онда мұлде қалатын бақшаларды бағыштады» (ККА, 5/85). Бұл аяттағы әсәбе-لَثَاب- сөзі «саяап берді» мағынасында қолданылып тұр. Басқа бір аятта (فَإِنَّمَا يَعْلَمُ اللَّهُ بِمَا يَصْنَعُ). «Алла... қайғы устіне қайғыга ұшыратты» (ККА, 3/153). Мұнда لَثَاب- сөзі «қайғы берді» деген мағынада жұмсалған. Араб тілінің «әл-Уасит» түсіндірме сөздігінде аталған

етістіктің біреуді «марапаттады, сыйлады, жазалады» деп көрсетілген. Мұнда, «марапаттау» мен «ожазалау» бір-біріне қарама-қарсы мағына деп түсіндіріледі.

Сондай-ақ, жұмыста қазақ және араб тілдеріндегі лексика-грамматикалық мағына негізінде пайда болатын қосымшалы энантионимдер де сөз етілді. Мұнда қазақ тілінде септік жалғаулары әсерінен пайда болатын қарама-қарсылық жайлы айтылады. Мысалы, -қа, -ке, -га, -ге және -дан, -ден, -тан, -тен септік жалғаулары арқылы кейбір етістіктерде қарама-қарсы мағына үстеледі. Айталық, -ке және -тан септік жалғаулары арқылы *алу* етістігінің энантиосемиялық мағынасы білдіріледі. *Ол жаңа жұмысшыларды қызметке алды*. «Қазақстан» ұлттық телеарнасының *басшысын жұмыстан алды* (БАҚ). Бұл мысалдарда *алды* етістігі екі сөйлемде тұрпаттары бірдей болса да қарама-қарсы мағынада жұмсалып тұр. Атапмыш сипаттағы энантионимдерді талдағанда Б. Сағындықұлы, А.Е. Жусіпов секілді ғалымдардың ұстанымдарын қолдаймыз. Мұндай қосымшалы энантионимдерді басқа тілдерден де байқаймыз. Мәселен, қырғыз тілінде *алуу «кызматка алу – взять на работу»* және *«кызматтан алу – уволить с работы»* деген мағынада қолданылса, татар тілінде де *«эштан алу – уволить, освободить (с работы, со службы)»* және *«эшке алу – взять, принять (на работу, на службу)»*.

Алыну етістігі де қосымша арқылы энантиосемиялық мағынаға ие. *Жылдық көрсеткіштердің барлығы да есепке алынды* (К.Ә.). *Жастары жиырма екіге толмагандары есептен алынды* («Арқа ажары»). Бұл сөйлемдердегі *алынды* етістігі *«тіркелді, қосылды, санатқа алынды»* және *«тізімнен алынып тасталды, санаттан шықты»* деген қарама-қарсы мағыналарды береді.

Коржындары олимпиада медальдарына толы Қазақстан Республикасының спортшылары бүгін Алматыга келді (БАҚ). Ағам оқуын тәмәмдап, Алматыдан келді. Мұндағы барыс және шығыс септік жалғаулары келді етістігінде Алматыға «кіру» және одан «шығу» деген энантиосемиялық мағынаны білдіріп тұр.

Араб тілінде де, кейбір қосымшалардың энантиосемиялық мағыналары қалыптасқан. Алайда, олардың барлығын энантионимдер қатарына жатқызу да киын. Жұмыста мұндай қосымшаларға тәмендегідей ғылыми талдау жасалды.

- (إِذْ-iz) және (إِذَا-izə) қосымшалары «өткен» және «келер» шақ етістіктерінде қолданылып, энантиосемиялық мағынаны жеткізеді. (إِذْ-iz) журнағы негізінен өткен шақта, ал (إِذَا-izə) журнағы келер шақта қолданылатыны белгілі. Құран Кәрімнен тәмендегі аятты мысалға келтіріп көрейік: (وَلَوْ تَرَى إِذ الظَّالِمُونَ مَوْفُوفُونَ عِنْ دِرَبِهِمْ تَرْجِعُ بَعْضُهُمْ إِلَى بَعْضِ الْقَوْلِ) бұл аятта өткен шақта қолданылатын (إِذْ-iz) журнағы келер шақ мағынасында жұмсалып тұр. Халифа Алтай бұл аятты тәмендегіше аударған: «*Ол залымдарды, Раббыларының құзырында тұргызылып, бір-бірлеріне сөз қайтарып тұрганда бір көрсөң...*» (КҚА, 34/31).

Шынында да, осы аяттың аудармасында (إِذْ-iz) қосымшасы өткен шақ мағынасын бермейді, өйткені әлі ешкім Раббыларының құзырында тұргызылған емес, мұның барлығы келер шақта, яғни қиямет күнінде болатын нәрсе.

- (إن) қосымшасы араб тілінде бірнеше мағынаға ие; грамматикалық еңбектерде *егер* деген көбіне шартты мағынаны білдіреді. Аталған қосымшаның энантиосемиялық мағынасы «болымдылық» пен «болымсыздықты» білдіреді деп түсіндіріледі. Мысалы, *إِنْ قَامَ عَبْدُ اللَّهِ* Абдулла *تَورْدَى مَّا قَامَ* және *تُورْمَادَى* деген мағыналарда жұмсала алады.

- (لَأْ-ع) жалғауының бірінші мағынасы «болымсыздық» ұғымын білдіреді. Екінші мағынасы «растастау, құптау, қуаттау, дәлелдеу» дегенді нұсқайды. Аталған жалғаудың энантиосемиялық мағынасына дәлел ретінде төмендегі аяттарды келтіруге болады: (وَحَرَامٌ عَلَىٰ فَرَيْةٍ أَنْكَانَا أَنْهُمْ لَا يَرْجِعُونَ) Бұл аяттағы (لَأْ-ع) жалғауының мағынасы жоғарыда көрсетілген екінші мағынаны аңғартыш түр. Осы аятың қазақша Күран Кәрімнің аудармаларындағы мағыналарына қарасақ: «Біз жоқ еткен кент халқының бізге қайтпауы мүмкін емес» (ККА, 21/95), яғни, міндетті түрде олар қайтады. Аяттағы (لَأْ-ع) жалғауының бірінші және екінші мағынасында бір-біріне мұлдем қарама-қарсы энантиосемиялық мағынасы көрінеді. Егер аудармашы бұл құбылысқа мән бермесе, аяты мұлдем теріс аударуы да мүмкін.

Араб тіліндегі қосымша энантионимдерге талдау жасай келе, жоғарыда атальп еткен қосымшалардың көбісін энантионимдер қатарына жатқызуға болады. Алайда, зерттеушілер арасында бұл жалғаулар туралы пікір алуандығының барын да айта кеткен жөн.

Қазақ және араб тілдеріндегі қосымшалы энантионимдердің айрым белгісі төмендегідей түсіндіріледі. Қазақ тіліндегі септеулік жалғаулары әсерінен пайда болатын қарама-қарсылық әрдайым бір-біріне антонимиялық мағынасы бар қосымшалар арасында туынтайтының атасында тұндастырылады. Ал араб тілінде формасы бір, бойында антонимиялық мағынасы бар жалғаулар қосымша энантионимдер деп аталады.

Сондай-ак, жұмыста қазақ және араб тілдеріндегі үстене энантионимдер де сөз болды. Қазақ тілінде үстене энантионимдер өте аз көлемді күрайды.

Мысалы, *алдында* үстене «стаяу, жуық» және «бұрын» деген мағыналарды бере алады. *Колхоз малы жиырма бес мыңның алдында*. *Мен ол елде екі-үш жылдың алдында болым* (КТАС, 54,55). Мұнда мезгілдік үстене мәні атальп түр.

Қазақ тіліндегі қазір үстене уақыт мезгілге байланысты қарама-қарсы мағыналар бере алады. *Мен қаладан қазір келдім*. *Мен қаладан қазір келемін*. Аталған деректерден «қазір» сөзі жергілікті қолданыста уақытқа қатысты істің «белгілі бір уақытқа дейін» және «белгілі бір уақыттан кейін» орындалатындығын білдіре алатын ерекшелігін байқауға болады.

Ертеңгісін сөзі «таңертең» және «ертеңгі күн» деген энантиосемиялық мағыналарда жұмсалады. *Теміржан анасын, ертеңгісін сабактан жақсы баға алғанын айтЫП қуаннты* (өткен шақ). *Достары ертеңгісін Талғаттың үйіне қуанышын бөлісуге барады* (келер шақ) (Ж.Б.).

Араб тіліндегі үстене энантионимдер де жоғарыдағыдан қолданыска ие. *بَعْدَ بَعْدَ* бұл үстенедің араб тілінде «кейін, артынан» және «алдынан, бұрын» деген энантиосемиялық мағыналары бар. Аталған үстенедің бірінші мағынада қолданылуы өте жиі кездеседі. Мысалы, *وَاحَدَ بَعْدَ الظَّهَرِ* түстен кейін, бір-

бірінің *артынан* т.б. бұл үстеудің екінші энантиосемиялық мағынасына мысал ретінде Кұран Кәрімнен мына аяттарды келтіруге болады (ولَقَدْ كَتَبْنَا فِي الرُّوْبُرِ مِنْ بَعْدِ الْأَذْكُرِ مِنْ بَعْدِ أَنَّ الْأَرْضَ تَرَثَهَا عِبَادِي الصَّالِحُونَ) Бұл аятта *بَعْدَ-بَعْدَ* үстеуінің мағынасы *алдынан*, бұрын деген энантиосемиялық мағынада түсіндіріледі. Аяттың қазақша аудармасына қарасақ: «*Расында Тәураттан кейінгі Зәбүрде: (Жерге иgi құлдарым мұрагер болады) деп жаздық*» (ҚҚА, 21/105). Аталған үстеудің энантиосемиялық мағынасы төмендегі деректен анық байқалады. حَمَدْنَتْ إِلَهِي بَعْدَ عُرْوَةَ لِدْ نَجَّا خَرَشَ وَ بَعْضُ الْفَتَرِ أَفَوْنُ مِنْ بَعْضٍ

Баъзда- *بعض-* мөлшер үстеуі бір нәрсенің *кеібір* бөлігі және *барлығы*, *толығы* дегенді қатар білдіре алады. (ولَائِنْ لَكُمْ بَعْضُ الَّذِي تَحْتَلِفُونَ فِيهِ) *بعض-* үстеуінің мағынасы жалпылауыш «барлығы» мағынасында жүмсалып тұр. تَرَكَ أُمْكِنَةً لِذَا لَمْ لَرَضَهَا أو يَعْتَلِقَ بَعْضُ لِلْفَوْسِ حِمَامُهَا

Дуна-мекен үстеуі *تحت* *مَكْتَبَةً* «кастында» және *فوقَ* *فَهْوَكَةً* «үстінде» деген қарама-қарсы мағыналарда қолданылады. Араб тілінің «әл-Мұнжид» түсіндірме сөздігінде аталған үстеудің *أَمَامَ* эмәмә «алдында» және *خَلْفَ* *خَالِفَةً* «артында» деген энантиосемиялық мағыналары да көрсетілген. Мысалы, «العُدوُ دُونَ الْمَكَانِ وَالْبَحْرِ وَرَاءَكُمْ» Алдарыңызда дүшпан, арттарыңызда теңіз». Мұнда *دون-* *الوزير* *دون* «الرَّئِس» дегенде аталған үстеуінің мағынасы *артында* деген мағынада жүмсалып тұр. Сонымен бірге зерттеу жұмысында *فَهْوَكَةً*, *وَرَاءَ*-*فَوْقَ*, *عَارَضَ* сияқты т.б. үстеу энантионимдер жан-жақты талданды.

КОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысында контрастивтер құрылымындағы антонимдер мен энантионимдер табиғаты сараланды. Осы уақытқа дейін қазақ тіл білімінде антонимия құбылысы жан-жақты зерттелгенімен, энантиосемия жеке құбылыс ретінде қарастырылмай, антонимияның қатарында жалпы түсініктеме беріліп келді. Зерттеу жұмысында қазақ тілінің энантионимдері тілдік бірлік ретінде антонимдерден ажыратыла қарастырылып, жан-жақты талдау жасалды.

Араб тіл білімінде аталған құбылыстар дербес зерттеу нысандарына айналғанымен, терминологияда оппозициялық қатынастарды қарастыруда ортақ *әл-аддад* терминімен беріліп келді.

Тілдік парадигмадағы құрылымдық үйымдасуы және таңбалық тұрғыдан берілуінде өзіндік ерекшеліктерге ие антонимдер мен энантионимдердің феномендік белгілерін анықтау нәтижесінде араб тіліндегі антонимдерді *لِلْقَابِلِ الْأَدَعِيِّيِّ* *эт-тәқабул әд-дәләли* ал энантионимдерді *لِلْمُعَادِلِ الْأَدَعِيِّيِّ* *әл-аддад* деп атау қажеттілігі дәлелденді.

Осы орайда оппозициялық семантикаға құрылған қарама-қайшылықты барлық жағынан жеткізе алатын және араб тіліндегі қарама-қарсы бірліктерді номинациялау дәстүрін жалғастыра алатын *контрастивтер* термині гипероним термин ретінде ұсынылды.

Қазақ және араб тілдерінің контрастивтерін топтастыру барысында салғастырылатын тілдердің антонимдері Н.С. Трубецкойдың оппозиция әдісі арқылы талданып, олар градуалды, привативті және эквиполентті түрлерге жіктелді.

Адам санасының екі жақтылығын танытатын және оларды тудыратын тілдік механизмдердің ортақтығы универсалды болғандықтан аталған құбылыстың екі тілге де ортақ екені дау тудырмайды.

Сондай-ақ, жұмыста лингвостилистикалық талдаулар негізінде контекстуалды антонимдердің универсалдылығы тілдік деректер негізінде айқындалды.

Салғастырылатын тілдердің энантионимдері алғаш рет лексика-семантикалық және құрылымдық-морфологиялық тұрғыдан топтастырылып, олардың екі тілдегі сандық көлемінің деңгейі анықталды.

Араб диалектілерінің аймақтық тұрғыдан кең таралуына және экстралингвистикалық факторлардың әсеріне байланысты қазақ тіліне қарағанда, араб тілінде энантионимдердің көлемі әлдеқайда артық. Екі тілде де эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер номинативті энантионимдерге қарағанда өнімділік сипатымен айрықшаланады.

Талдауға алынған материалдар көлемі жағынан есім энантионимдердің басқаларына (етістік, үстөу, қосымшалы энантионимдер) қарағанда басымдылығын көрсетті.

Зерттеудің болашақтағы бағдары. Жұмыста қазақ және араб тілдеріндегі контрастивтерді салғастырып зерттеуде қол жеткізілген иәтижелер болашақта аталған тілдер лексикологиясындағы тілдік бірліктердің ортақ және айырым белгілерін лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық, құрылымдық-морфологиялық тұрғыдан салғастырмалы талдауға негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мусин Ж. Қазақ тіліндегі антоним сөздер. – филол. ғыл. канд. дис. – Көкшетау, 1970. – 253 б.
- 2 Жұмабекова А.К. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 2000. – 184 б.
- 3 Жұсіпов А.Е. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары. – филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Астана, 2004. – 29 б.
- 4 محمود فهمي حجازى. علم اللغة بين التراث والمناهج الحديثة. – القاهرة، 1995 – .111 ص.
- 5 محمد نور الدين المنجد. النضاد في القرآن الكريم. – دمشق، 1999 – .272 ص.
- 6 Философский словарь под ред. И.Т. Фролова. – М., 1991. – 560 с.
- 7 Миллер Е.Н. Природа лексической и фразеологической антонимии // – Саратов, 1990. – 223 с.
- 8 محمد بن القاسم الأثباتي. كتاب الأضداد. ترجمة: محمد أ. ليراهيم. – بيروت، 1998 – .517 ص.
- 9 توفيق محمد شاهين. المشترك اللغوي نظرية وتطبيقاً. – القاهرة، 1980 – .396 ص.

ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМУНЫ ТӨМЕНДЕГІ БАСЫЛЫМДАРДА ЖАРИЯЛАНДЫ

1 Араб тіліндегі антонимдердің зерттелу бағыттары // Белгілі ғалым М.М. Копыленконың 85 жылдығына арналған «Тіл әлемі. Мир языка. The world of Language» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы: 2 томдық. – Алматы, 2005. – 2-ші т. – 355-360 бб.

2 Араб тіл ғылымындағы энантиосемия құбылысы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2006. – №6 (96). – 113-115 бб.

3 Араб тілінде энантиосемия құбылысының даму себептері // «Әлемдік рухани құндылықтар және қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы: 2 томдық. – Алматы, 2007. – 2-ші т. – 314-321 бб.

4 Араб тіліндегі энантиосемияның зерттелу деңгейі // Академик Ә. Айтбайұлының 70 жылдық мерейтойына арналған «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы: – Алматы, 2007. – 191-195 бб.

5 Араб тіліндегі кейбір энантиосемиялық атаулар жайында // «Исламтану және араб филологиясы мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы: – Алматы, 2007. – 112-119 бб.

6 Қазақ тіліндегі энантионимдердің зерттелуі жайлы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. – №5 (113). – 134-139 бб.

7 Энантиосемия лексиканың жүйелі байланысы ретінде // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Филология ғылымдары сериясы». – 2008. – №3 (25). – 67-71 бб.

8 Араб тіліндегі үстенеу энантионимдердің қазақ тіліне аударылуына талдау // «Тіл және жағандану: бүтіні мен болашағы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы: – Алматы, 2008. – 150-155 бб.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ККА - Құран Кәрім аудармасы.

АРС - Арабско-русский словарь.

ҚТАС - Қазақ тілінің аймақтық сөздігі.

ҚӘТС - Қазақ әдеби тілінің сөздігі.

ҚТТС - Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.

АТТС - *المعجم الوسيط* (Араб тілінің «әл-Уасит» түсіндірме сөздігі).

АТҚС - *المعجم الوجيز* (Араб тілінің қысқаша сөздігі).

РАС - Русско-арабский словарь.

Ш. 